

Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберінде БҰҰ ұсынымдарын 2011-2014 жылдарда орындалуы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 1165 қаулысымен бекітілген Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберінде БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің ұсынымдарын іске асыру жөніндегі 2011-2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

5-тармақ бойынша*(Әсіресе әйелдер мен балаларға кемсітушілік пен зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі заңнаманы іске асыру тиімділігін бағалау)*

Ішкі істер министрлігі кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстарды алдын алу, анықтау және жолын кесуге бағытталған кешенді іс-шараларды қабылдап отыр. ІІМ жүйесінде кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған бөліністер жұмыс істейді, олардың бірден бір міндеті олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, балалардың қадағалаусыздығы мен панасыздығын алдын алу болып табылады.

Ішкі істер органдары басқа мүдделі мемлекеттік органдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен «Жасөспірім», «Демалыс», «Балалар түнгі қалада» жедел-алдын алу іс-шараларын үнемі жүргізеді.

Ағымды жылы ІІМ мүдделі мемлекеттік органдарды, Нұр Отан партиясының өкілдерін, үкіметтік емес ұйымдарды, жұртшылықты қатысуымен «Жасөспірім» жедел алдын алу іс-шарасын өткізді, шара барысында мектептерде, лицейлерде және гимназияларда құқықтық тақырыпқа 8 мыңға жуық қоғамдық іс-шаралар жүргізілді.

Балалар мен жасөспірімдердің заңды сыйлаушылық мінез-құлықтарын және құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында ІІМ бастамасымен «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Жұмыссыз отырма», «Еңбекпен қамту», «Отбасы-негізгі қамқоршы», «Мен және менің полицейім» акциялары өткізіледі.

Отбасындағы жайсыз жағдайдың кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстардың жасалуына ықпал ететін маңызды факторы болып табылатынын ескеріп, ішкі істер органдары осындай отбасыларды анықтау және мекенжайы бойынша профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыру бойынша іс-шараларды қабылдайды.

Превентивтік профилактика мақсатында ІІМ Интегрированный мәліметтер қоры базасында өмірдің қиын жағдайындағы жасөспірімдердің бірыңғай есебі құрастырылады, оны жүргізу ережесі ішкі істер министрлігінің білім және ғылым министрлігінің біріккен бұйрығымен реттелген (2010 ж.26.03. ІІМ-нің №119 бұйрығы, 20140 ж.12.04. БЖҒМ №166 бұйрығы) .

Бүгінгі күні ішкі істер органдарының профилактикалық есебінде 12 мыңнан артық жайсыз отбасы алынған, онда шамасы 18 мың бала тәрбиеленеді.

Ағымды жылы баларын тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамағаны үшін 3 мыңнан астам ата-ана немесе оларды ауыстыратындар әкімшілік жауапкершілікке тартылды, ішкі істер органдарының материалдары бойынша соттар ата-ана құқығынан айыру туралы 700-ден астам шешім шығарды.

Кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгездік жасағаны үшін 35 қылмыстық іс және оларды қоғамға қарсы әрекеттерге баулығаны үшін 8 қылмыстық іс қозғалды.

Кәмелетке толмағандарды сексуалды және өзге де пайдалануға қарсы әрекет ету мәселелеріне ерекше көңіл аударылады.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мақсатында 2010 жылы қарашада «Балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заң қабылданды, онда кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтілген.

Яғни, сексуалды сипаттағы қылмыс жасағаны үшін кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу бойынша міндеттер жүктелген ата-аналар мен мұғалімдердің қылмыстық жауаптылығы жеке сараланып, бөлінген (120, 121 және 124-баптар).

Жас балаларға қатысты жасалған сексуалды сипаттағы қылмыстар жеке құрамға бөлінген. Егер үзетулер енгізілмегенге дейін кәмелетке толмағандарды зорлағаны үшін 5-тен 10 жылға дейін мерзімге бас бсоатндығынан айыру түрінде қылмыстық жауапкершілік қарастырылған болса, қазіргі уақытта 8-ден 15 жылға дейін, жас балаларды зорлағаны үшін -15-тен 20 жылға дейін жаза тағайындалған.

Кәмелетке толмағандды жезөкшелікпен айналысуға баулығаны (ҚР ҚК 132-1бабы), сонымен қатар оларды бейнелеген порнографиялық сипаттағы материалдарды жасау және айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік бекітілген.

Сонымен бірге, кәмелетке толмағандарға эротикалық мазмұндағы баспасөз өнімдерін және өзге заттарды сатқаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілген (ҚР ӘҚБК 115-1-бабы).

Осымен қоса, 2012 жылғы ақпанда Еңбек кодексіне білім беру, медициналық қамтамасыз ету аясындағы ұйымдар мен мекемелерге, сонымен қатар кәмелетке толмағандардың қатысуымен әлеуметтік қызмет көрсету, мәдени және өнер саласында кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыс жасағаны үшін сотталғандар мен соттылығы бар адамдармен еңбек келісім шартына отыруға тыйым салынатын өзгертулер енгізілген (кісі өлтіру, денсаулыққа қасақан зиян келтіру, жыныстық қолсұғушылыққа қарсы).

2013 жылғы 04 шілдедегі «Адам саудасына қарсы әрекет ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заңымен ата-аналар, мұғалімдер және оларды тәрбиелеу бойынша міндеттер жүктелген өзге де адамдарға ҚР ҚК 132-1- бабы «Кәмелетке толмаған адамды

жезөкшелікпен айналысуға тарту» бойынша жауапкершілік күшейтілген (7-ден 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру болған, қазір мүлкін тәркілеумен бірге 7-ден 12 жылға дейін).

Сондай-ақ, құқықтары мен мүдделерін бұзуға әкеп соқтырған кәмелетке толмағандардың еңбегін пайдаланғаны үшін жұмыс берушінің жауаптылығын қарастыратын Қылмыстық кодекс «Кәмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу» 138-1-бабымен толықтырылды (*айыппұл 300-ден 700 АЕК көлемінде, 3 жылға бас бостандығын айыру немесе 3 жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару*). Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің «Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық» 271-бабында кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған әрекеттер бөлек құрамға бөлінген.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша заңнама нормаларының тиімділігін арттыру мақсатында жаңа Қылмыстық кодекс шеңберінде балаларға қатысты қылмыс жасағаны үшін жазаны күшейту қарастырылған.

Сонымен қатар, 121-баптың (*сексуалдық сипаттағы зорлық әрекеттер*), 122-бап (*Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынаста болу және нәпсіқұмарлық сипаттағы өзге де іс-әрекеттер*), 124 (*Жас балаларды азғындату*), 182 (*адам саудасы*), 132 (*Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтарға тарту*), 134 (*Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту*) жаңа редакциясында өмір бойы белгілі бір лауазыммен және қызметпен айналысу құқығынан айыруды бекітумен жаза мерзімдерін барынша арттыру қарастырылған.

Осыдан басқа, ҚК 105-бабы (*Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу*) «Жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адами қадір-қасиетін үнемі қорлау арқылы адамды өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізу» 3 бөліммен толықтырылды.

Осыдан басқа, балалардың құқығын қорғауға қатысты Әкімшілік кодекстің бірқатар баптары қылмыстық әрекеттер мен қылмыстар қатарына ауыстырылды.

2009 жылғы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу туралы» Заң қабылданды (2009ж. 04.12)., онда тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу бойынша мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі атқару органдары, ұйымдар мен азаматтардың әрекеттерінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негізін айқындалған.

Жалпы Заң отбасы -тұрмыстық қатынастар аясында жасалатын құқық бұзушылықтардың деңгейін төмендетуге бағытталған.

Занды қабылдаумен құқық бұзушылықтарға ықпал етудің мынадай: қорғау нұсқамасын шығару және құқық бұзу тәртібіне ерекше талаптар бекіту секілді жаңа тежегіштері енгізілді.

Қорғау нұсқамасы тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға, жәбірленушінің ықтиярысыз іздестіруге, кудалауға, қатынауға, ауызша және телефонмен сөйлесуге және басқа байланыстар жасауға тыйым салады.

Қорғау нұсқамасының мерзімі құқық бұзушының қолына берген күннен бастап 30 күнді құрайды. Тексеру жүйелігі жеті күнтізбелік күн ішінде бір реттен кем емес.

Занды қабылдағаннан бастап полиция қызметкерлері 172 мың қорғау нұсқамасын шығарған.

Қорғау нұсқамасын бұзу әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтырады. Қорғау нұсқамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке 4 мыңнан астам адам тартылған (2011 жылы-612, 2012-870, 2013-1244, 2014 жылғы 9 ай ішінде - 1525).

Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу- әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасы болып табылады және әкімшілік жазаны тағайындаумен бірге және егер әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам әкімшілік жауапкершіліктен босатылған жағдайда да оның орнына қолданылады.

Мінез-құлқына ерекше талаптар белгіленген адамға тыйым салынады:

1) жәбірленушінің отбасының кәмелетке толмаған және (немесе) әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, жәбірленушінің еркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауызша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға;

2) атыс қаруын және қарудың басқа да түрлерін сатып алуға, сақтауға, алып жүруге және пайдалануға. Ерекше жағдайларда жәбірленуші мен оның отбасы мүшелерін күзету және қорғау үшін сот тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға осы адамның басқа да тұрғынжайы болған жағдайда, жәбірленушімен бірге жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда тұруға тыйым салу түрінде әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасын қолдануға құқылы.

Құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптардың қолданылу мерзімі ішінде оған профилактикалық әңгімелесу үшін айына бір реттен төрт ретке дейін ішкі істер органдарына келіп тұру міндеті жүктелуі мүмкін.

Соттармен 17 мың шамасында құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар бекітілген.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасалғаны немесе оны жасау қауіпі туралы шағымдар мен хабарламалар мемлекеттік органдармен Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте қарастырылады.

Осымен қоса, 2008 жылы Әкімшілік кодекс отбасы –тұрмыстық қатынастар аясында құқық бұзушылықтарды (75-5-бап), денсаулыққа зиян келтіру (79-3-бап), сонымен қатар ұрып-соғу (79-1-бап) жасағаны үшін жауапкершілікке тартуға болатын нормалармен толықтырылды.

Жалпы, бүгінгі күні осы іс-шаралар оң нәтижелерін беруде. Яғни, жыл сайын тұрмыстық қылмыстылықты орташа 10%-ға нақты төмендетуге қол жеткізілді, егер 2005 жылы 1,6 мың осындай қылмыстар жасалған болса, 2013 жылы бұл көрсеткіш 2,5 рет төмендеген және 684 қылмысты құраған.

2014 жылғы 18 ақпанда «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заң қабылданды, онда тұрмыс аясында құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаны қатайтуға, сонымен қатар құқық бұзушыға жеке профилактикалық шараларды қолдану тиімділігін арттуға бағытталған өзгерістер енгізілді.

Түзетулермен тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көргендерге тұрғылықты мекенжайларына қарамастан тиісті көмек алу, сонымен қатар қатыгездік салдарынан өмірдің қиын жағдайына түскен балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру нормалары қарастырылған.

Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында ұрып-соғу және құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны үшін баптардың санкциялары күшейтілген (*жазасын өтеу шарасы ретінде әкімшілік қамалуға алудың альтернативасы ретіндегі айыппұлдар алынып тасталған*).

Сондай-ақ, жәбірленушінің және оның отбасы мүшелерін күзету және қорғау бойынша қосымша шаралар бекітілді. Атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамға осы адамның басқа да тұрғынжайы болған жағдайда, жәбірленушімен бірге жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда тұруға тыйым салу түрінде әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасы енгізілді (ӘҚБК 59-1-бабы).

Осыдан басқа, «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету бойынша ұйымдарды құру бойынша жергілікті атқару органдарына өкілеттілік жүктейтін нормамен толықтырылды (дағдарыс орталықтары).

«Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулер туралы» Заң бюджеттік қаржы есебінен өмірдің қиын жағдайына түскен адамға (отбасына) әлеуметтік қызмет көрсететін немесе тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбір көргендерге көмек көрсететін субъектілерде мүмкіндік беретін нормалармен толықтырылды.

Заңнамалық іс-шаралардан басқа ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар қолданылады.

1999 жылы ПО жүйесінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөліністерінің құрылуы осындай іс-шаралардың бірі болып табылды. Бүгінгі күні бөліністерде 133 полиция қызметкерлері жұмыс істейді.

Бөліністердің негізгі міндеттері әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету болып табылады; әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту облысында мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдармен бағдарламалық құжаттарды әзірлеу және жүзеге асыру, сонымен қатар тұрғындарға әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ескерту және жолын кесу мәселелерінде құқықтық көмек көрсету.

2013 жылы әйелдерді қорғау бөліністеріне 37 мыңнан астам әйел жүгінген (*а.ж. 9 айы ішінде 8 мыңнан астам*), олардың 3,5 мыңнан астамы заңды және психологиялық көмек көрстеу үшін дағдарыс орталықтарына жолданды.

Әйелдерді зорлық –зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністер үкіметтік емес ұйымдармен жедел-профилактикалық іс-шараларды, акцияларды, интернет-конференцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді және тренингтерді өткізумен өзара әрекет етеді.

Ағымды жылы олардың қатысуымен 1,5 мыңнан артық түрлі іс-шаралар өткізілді.

Анықтама үшін. Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы (Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 29 шілдеде ратификациялаған) конвенция ережесіне сәйкес жыл сайын 25 қарашада «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты бірлесіп тоқтатайық!» ұранымен 25 қарашадан 10 желтоқсан аралығында «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясын өткізіледі.

Жалпы, өткен жылы оқу орындарында, ұйымдарда және мекемелерде 18 мыңнан астам осындай іс-шаралар өткізілді.

Қазақстан Республикасында 32 дағдарыс орталығы жұмыс істейді, оның ішінде 17-нің баспанасы бар (оның ішінде жергілікті бюджет есебінен қаржыландырады-8, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс -15, халықаралық гранттар-9).

Дағдарыс орталығының орташа штаттық жүйесі 4 адамды құрайды-орталықтың басшысы, заңгер, психолог, әлеуметтік қызметкер.

Жалпы осы орталықтарда зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету үшін 167 маман тартылған. Дағдарыс орталықтары баспана-стационар ұсыну функциясынан басқа әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық (алғашқы медициналық көмек) психологиялық, еңбек (еңбекпен қамтуда көмек көрсету), мәдени (бос уақытын ұйымдастыру), экономикалық (жеңілдіктер, жәрдемақы, алмент алуда көмек көрсету), сонымен қатар құқықтық көмек көрсету бойынша қызмет көрсетеді. Орталық анонимді, құпия және ақысыз көмек көрсетеді.

Дағдарыс орталықтарында 54 сенім телефондары бар, оған 2013 жылы 14 мыңнан астам қоңырау соғылған және 12 мың шамасында әйелдер жүгінген, ағымды жылы 5 мың қоңырау шалынған, шамасы 4 мың әйел кеңес алу үшін жүгінген. Осыдан басқа, ПО қызметкерлері көрсетілген орталықтарға 3,5 мың әйелді жолдаған.

6-тармақ (Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы қоғамның құқықтық хабардар болуын арттыру бойынша шаралар қабылдау)және **15-тармақ**(Қазақстанның балаларына ерекше назар аударып, мәдениетті, әлеуетті дамытуға және нығайтуға, денсаулықты сақтауға, қоғамның құқықтық хабардар болу деңгейін арттыруға бағыттылған ақпараттық-ағарту бағдарламаларын көрсету)

Ішкі істер министрлігі отбасында зорлық-зомбылықты болдырмау, оның ішінде әйелдерге және адам саудасы саласында Қазақстан Республикасында гендерлік теңдіктің 2006-2016 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын ақпараттық сүйемелдеу шеңберінде БАҚ-пен белсенді өзара іс-қимыл жасасу бойынша ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізуде.

Ағымдағы жылы республикалық және өңірлік БАҚ-пен тиімді ынтымақтастықтың нәтижесінде осы тақырыпқа 220-дан астам материал

жарияланды, оның мерзімді басылымдарға 59 мақала, теледидар арқылы – 12, ақпарат агенстволарында – 149 материал орналастырылды.

БАҚ мониторингі зорлық-зомбылықтың және адам трафиігін болдырмау проблемалары бойынша ақпараттық-насихат жұмыс заңнамалық, ұйымдастырушылық және практикалық бағыттарда жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау саласында, оның ішінде осы санаттағы қылмыстың алдын алу, ескерту және алдын кесудің жаңа тетіктерін әзірлеу бөлігінде министрлік қолданып жатқан заңнамалық және практикалық шаралар туралы ҚР ІІМ ӘПК басшыларының «Қазақстанская правда», «Егемен Қазақстан» газеттеріне сұхбаты жарияланды.

«Zakon.kz», «Kazinform» ақпараттық агенттіктерінде тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша атқарылған жұмыстар туралы сұхбаттар әрқашан жарияланды.

Отбасы –тұрмыс аясында құқық бұзушылармен жүйелі жұмыстардың өткізілетіні, қорғаным нұсқамаларының тиісті ықпал етуі туралы ақпараттары «Zakon.kz», «Kazinform», «Интерфакс-Казахстан» ақпараттық агенстволарда таратылды (2014ж.15.07).

Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою бойынша ІІО қабылдап жатқан шаралар республикалық БАҚ-та белсенді жарық көреді. Республиканың аумағында адам саудасын, жеңгейтайлықты, притонды ұстаушылар, жеңіл жүріспен айналысуға тарту, адамдарды ұрлау және пайдалану мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру фактілерінің алдын алу және анықтауға бағытталған «STOP-ТРАФИК», «Тұрмыстық», «16 күн зорлық-зомбылықсыз», «Учаске» әртүрлі акциялар, жедел-профилактикалық ісшаралар БАҚ-та жоспарлы түрде жүргізіліп, әрдайым жарық көреді.

Әйелдер мен балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау тақырыбын өзектендіре отырып, республикалық БАҚ-тың журналистері жұртшылықты қоғамда бар проблемаларға назарын аудартады, атап айтқанда тұрмыстық зорлық-зомбылық пен сексуалдық трафиктің алдын алу саласында.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау саласында ішкі істер органдарының қызметінің нәтижелері туралы халыққа уақтылы және толық хабарлау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасасу жұмысы жүйелілік сипатта және министрлік басшылығының үнемі бақылауында.

14-тармақ*(Адам құқықтары саласында Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдіру бөлігінде 2009-2012 жылдарға арналған жұртшылықпен өзара әрекет етуде адам құқықтары саласындағы әрекет етудің Ұлттық Жоспарын жүзеге асыру).*

Қабылданған нормативтік-құқықтық актілердің тізімі.

1). Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде ерікті түрде қатысуына байланысты орын алатын қоғамдық қатынастарды реттейтін «Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы» Заңы (2004 жылғы).

Оны жүзеге асыру шеңберінде ҚР ІІМ-нің 2004 жылғы 27 қарашадағы «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту тәртібі, нысандары және түрлері туралы Ережені бекіту туралы» №641 бұйрығы қабылданды.

2) Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесінің органдары мен мекемелерінің қызметі заңнамалық деңгейде бірінші рет реттелген «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарды алдын алу және балалардың қадағасыздығы мен панасыздығын ескерту туралы» (2004 жылғы) Заңы.

Заңды жүзеге асыру мақсатында республикалық және өңірлік деңгейде алдын алу қызметіне қатысатын мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың әрекеттерін үйлестіретін кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Комиссиялар құрылған.

3) «Қарудың жеке түрлерінің айналымдарына мемлекеттік бақылау туралы» (2007 жылғы) Заңы. Заңды қабылдаумен:

-ұңғысыз травматикалық қару ІІО-да міндетті түрде тіркеуге алумен сатылады;

- азаматтық және қызметтік қаруды сақтау және алып жүруге құқық беру мерзімі 5 жыл (бұрын 3 жыл болған);

- азаматтардың сатып алған қарулары (садақтар мен арбалеттер) ІІО міндетті түрде тіркеуге алуға жатады, оларды пайдалану тиісті спорттық объектілерде ғана рұқсат етіледі;

-1 жылдан кем емес мерзімге Қазақстан аумағында тұру үшін ІІО-да тіркелген шетел азаматтары, олардың елшіліктерінің қолдау хаттары бойынша өзін-өзі қорғау үшін азаматтық қаруды сатып алуға, алып жүруге және сақтауға рұқсат ала алады;

-тұрғындардан заңсыз сақталатын атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды сатып алуды қарастыратын механизм енгізілді.

4) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балалардың қадағалаусыздығын алдын алу және кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды ескерту мәселесі бойынша қосымшалар мен өзгерістер енгізу туралы» Заңы (2009жыл).

Заң түнгі уақытта кәмелетке толмағандардың ойын-сауық мекемелерінде болуына жол бергені, қоғамдық орындарда сыра тұтынғаны үшін жауапкершілікке тартуға мүмкіндік беретін ӘҚБК жаңа нормалармен толықты.

5) отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқық бұзушылықтардың деңгейін төмендетуге бағытталған «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы мәселесі бойынша қосымшалар мен өзгерістер енгізу туралы» Заңдары (2009 жылғы).

Заңмен тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша мемлекеттік органдардың, әкімдіктердің, ұйымдар мен азаматтардың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздері айқындалған.

Қорғау нұсқамаларын бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тартумен әкімшілік жауапкершілік бекітілген (ҚР ӘҚБК 355-1-бабы).

6) ««Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылық профилактикасы мәселесі бойынша қосымшалар мен өзгерістер енгізу туралы» Заңдары (2010 жылғы) құқық бұзушылық профилактикасы бойынша мемлекеттік органдардың, әкімдіктердің, ұйымдар мен азаматтардың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындаған.

Заңды қабылдаумен барлық деңгейде құқық бұзушылықтарды алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылған (2010 жылғы 12.12.№1345 Үкімет қаулысы).

ПО жүзеге асыратын профилактикалық есепте оңтайландырылған және жүйелендірілген, профилактикалық юақылау және есепке түсініктеме берілген (*ҚР ИМ –нің 2010 жылғы 16.08. Ішкі істер органдарының профилактикалық есебінде тұрған адамдарға профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» № 356 бұйрығы*).

ӘҚБК құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар бекіту мәселелерін реттейтін жаңа нормалармен толықтырылды (59-1-бабы).

7) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша қосымшалар мен өзгерістер енгізу туралы» Заңы (2010 жылғы), ол бойынша ӘҚБК кәмелетке толмағандардың қоғамдық орындарда масаңқы күйінде келуі (336-бабы, 1-1- бөлімі), оларға эротикалық мазмұндағы заттар мен материалдарды сатқаны үшін (115-1-бабы) әкімшілік жауапкершілікке тартуға мүмкіндік беретін нормалармен толықтырылды.

Осы Заңмен ұрлық, тонау және бопсалау қылмыстарын жасағаны үшін (14-тен 16-ға дейін) қылмыстық жауаптылық басталатын жасты арттыру жолымен кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық саясаттың гуманизациялауды қарастыратын өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстар үшін жазаны қатайтатын түзетулер енгізілді.

8) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» (2010 жылғы).

Осыдан басқа, осы салада өңірлік бағдарламаны жүзеге асыру, спорттық-көпшілік, мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу жерлерінде шыны ыдыста өнімдерді жүзеге асыруға шектеулерді орнату, сонымен қатар әкімшілік учаске тұрғандарының пікірін есепке алып, УПИ тағайындау үшін

жергілікті қоғамдықтардың жиналысын ұйымдастыру бойынша әкімдіктердің міндеттері енгізілді.

16-тармақ*(Адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау жөнінде қабылданған халықаралық міндеттемелерді зерделеу мақсатында қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің, ұлттық қауіпсіздік және қаржы полициясының қызметкерлерін оқытуды қамтамасыз ету)*

2014 жылғы 17 ақпаннан 1 наурыз, 7-19 сәуір, 22 қыркүйектен 4 қазан аралығында Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскерлері Әскери институтының базасында ҚАЖ-дағы инженерлік-техникалық күзет құралдарының 48 маманы оқыды.

2014 жылғы 31 наурыздан 12 сәуір, 14-26 сәуір, 26 мамырдан 7 маусым, 9-21 маусым, 24 қарашадан 8 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасы ІІМ Алматыдағы Академиясының базасында терроризмге қарсы күрес бойынша мамандарды даярлау орталығында ҚАЖ жедел қызметтерінің 94 қызметкері оқыды.

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Қостанай Академиясында ҚАЖ органдары мен мекемелерінің 206 қызметкері тәжірибелерін арттыру курстарынан өтті, онда оқып жатқандар санаты үшін әрбір тақырып бойынша 2 сағат көлемінде «Азаптауға қарсы БҰҰ Конвенциясына Факультативтік хаттама, ұлттық привентивтік тетіктер» және «Түзеу мекемелерінің қызметінде заңдылықты сақтау. Сотталғандармен қарым-қатынастың халықаралық нормалары және стандарттары» тақырыптарына дәрістік сабақтар өткізілді.

Осыдан басқа, Ақтөбе заң институтында ағымды жылдың ақпан, қараша айларында «Полиция және қоғам», семинар-тренинг өткізілді, онда 40 полиция офицерлері қатысты. Сондай-ақ, қарашада (Адам құқықтары) семинары өткізілді, онда Қазақстан Республикасының ІІО-ның 20 қызметкері қатысты.

ІІМ Қостанай Академиясында ағымды жылдың маусым айында қылмыстық-атқару жүйесінің 16 қызметкері үшін «Адам құқықтары» тақырыбына семинар өткізілді.

Қостанай Академиясында қатардағы және кіші, орта және аға басшы құрам лауазымдары қызметіне 101 кандидат алғашқы дайындық курсынан өтті, ІІМ оқу орталығында (Павлодар қаласы) қатардағы және кіші, орта және аға басшы құрам лауазымдары қызметіне 271 кандидат алғашқы дайындық курсынан өтті. Алмасу құрамдары үшін «Адам құқығы мен бостандығын қорғау» ҚР тәртіп бойынша адам құқығы саласындағы шарттар мен халықаралық Конвенцияларының бекітілгендерін «Адам құқығы саласындағы халықаралық-құқықтық сандарты», «Бас бостандығынан айыру жерлерінде адамгершілік қадір-қасиетті ұстау» атты тақырыбында оқыту көзделген.

ҚАЖ Комитетінің барлық аумақтық бөлімшелерінде жеке құраммен үкіметтік ұйым емес ұйымдардың қатысуымен ҚАЖ органы қызметкерлері

азаптауды қолданумен байланысты қылмыстың алдын-алу бойынша сабақ өткізіледі.

Ағымды жылдың 22-24 қазан аралығында Астана қаласында ІІМ және ІІД оқу орталықтарының оқытушылары үшін адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросының қызметкерлері тренинг өткізді (26 адам).

Тренинг барысында жаңа оқу материалдарының тұсаукесері өткізілді, сонымен қатар осы пәндерді оқытудың заманауи әдістері мен тактикасы оқытылды.

Адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау саласындағы өзекті проблемаларды жариялау ҚК, ҚІЖК және ӘҚБК редакцияларының жаңа мәтіндерінде жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, 29 қазанда Астана қаласында БҰҰ Басқармасы есірткі және қылмыстылық бойынша «Бас бостандығын айыру жерлерінде есірткі тұтынушылар арасында ЖИТС-жұқпасын алдын алудың әлеуметтік-медициналық және құқықтық аспектілері» кеңес өткізілді, онда ІІО –ның 6 қызметкері қатысты.

18-тармақ *(Азиядан, Таяу Шығыстан, Еуропадан көшіп келген этникалық қазақтардың қоғамын кіріктіру бойынша ақпарат дайындау)*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін бұдан әрі жетілдіру туралы» № 466 Жарлығына сәйкес этникалық көші-қон саясатын жетілдіруді қарастыратын көші-қон заңнамасын жетілдіру бойынша функциялар мен өкілеттілік Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарынан Қазақстан Республикасының Еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау министрлігіне берілген (қ.у. Денсаулық және әлеуметтік даму министрлігі) .

Осымен қоса хабарлаймыз, ағымды жылы Қазақстан Республикасының азаматтығына 20,3 мың адам қабылданды, оның ішінде 15,7 мыңы (77,3 %) – этникалық қазақтар. Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағандардың көпшілігі Өзбекстан, ҚХР және Қырғыз Республикаларынан келгендер. Жеңілдетілген тәртіпте Қазақстан Республикасының азаматтығын 19,5 мың қабылдады.

1992 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының азаматтығына 952,4 мың адамды қабылдады, оның 856,3 мыңы (90%)-этникалық қазақтар.

23-тармақ *(«Балалар түнгі қалада» науқаны шеңберінде жедел-профилактикалық іс-шараларды жүргізу бойынша қабылданатын шаралар туралы жиынтық ақпарат дайындау).*

Ішкі істер министрлігі Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберінде БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің ұсынымдарын іске асыру жөніндегі 2011-2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 23-тармағын орындауда, ағымды жылы республика аумағында «Балалар түнгі қалада» жедел- алдын алу іс-шарасын өткізді *(ағымды жылғы 28 шілдеден 3 тамызға дейін).*

«Түнгі қаладаға балалар» ЖАШ жүргізу барысында балалардың түнгі ойын-сауық орындарында, сонымен қатар үй-жайлардан тыс жерлерде жүрулеріне тыйым салуды қарастыратын заң нормаларын түсіндіруге бағытталуына ерекше назар аударылды.

Іс-шараларда «Нұр Отан» партиясының өкілдері, жергілікті атқару органдары, соттар, прокуратура, білім беру, қамқоршылық және қамқорлық бөлімі, ата-ана комитеттері, үкіметтік емес және жастар ұйымдарының өкілдерінің тікелей қатысуы қамтамасыз етілді.

Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде ішкі істер органдарына 8 мың кәмелетке толмаған жеткізілді, оның 6 мыңы түнгі уақытта.

Осыдан басқа, балаларын тәрбиелеуді тиісті деңгейде орындамаған ата-аналар мен кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері тарапынан 6 мыңнан артық әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталды.

Анықтама үшін; Балаларын тәрбиелеу бойынша ата-аналары немесе оларды ауыстыратын тұлғалардың міндеттерін орындамауы-500 астам; Кәмелетке толмағанды әкімшілік құқық бұзушылық жасауға тарту-12; Кәмелетке толмағанды мас күйіне жеткізу-25; Спирттік ішімдіктерді тұтыну немесе қоғамдық орындарда масаңқы күйде келу-230; Түнгі уақытта үй-жайлардан тыс жерлері кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерісіз болуы- 6 мың шамасында.

Осымен қоса, кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздықты және панасыздықты алдын алу, сонымен қатар өмірдің қиын жағдайына ұшыраған балаларға көмек көрсету мақсатында ПО қызметкерлері кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына 400 астам кәмелетке толмағандарды ораналастырды, оның ішінде 200-і түнгі уақытта.

Іс-шаралар шеңберінде ПО тізімдік есебіне бір мыңнан астам кәмелетке толмаған алынды, олардың ішінде шамасы 400-і қадағалаусыздығы мен панасыздығы, 90 алкогольдік ішімдіктерді, есірткі және улы заттарды тұтынғаны үшін, 130-і бір жыл ішінде бір немесе екі рет әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін, сонымен қатар бір мыңға жуық жайсыз отбасылар есепке алынды.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекеттерге және құқыққа қарсы әрекеттерді жасауға тартатын 9 ересек адам анықталды, олар бойынша ҚР ҚК 131-бабы (*кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекеттерге тарту*) және 132-баптары (*кәмелетке толмағандарды әкімшілік әрекеттерге тарту*) бойынша қылмыстық істер қозғалды.

Балалар мен жасөспірімдердің заңды сыйлаушылық мінез-құлықтарын және құқықтық сауаттылығын қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарында 600 астам сөз сөйлеулер ұйымдастырылды.

24-тармақ ПМ (*Қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтар профилактикасының 2011-2013 жылдарға арналған салалық бағдарламасының 66-тармағына сәйкес Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жанында заңсыз көші-қон және адам саудасына қарсы күрес мамандарын даярлау Оқу орталығында біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету*)

2014 жылы Оқу орталығының базасында ІІМ Қарағанды академиясында заңсыз көші-қон және адам саудасына қарсы күрес мамандарын даярлау үшін біліктілікті арттыру курсының шеңберінде учаскелік полиция инспекторларының, криминалдық және көші-қон полиция қызметкерлерінің, сондай-ақ тергеу бөліністері қызметкерлерінің қатарынан ішкі істер органдарының 86 қызметкері оқыды.

27-тармақ*(1955 жылы 30 тамыздағы Қылмыстың алдын алу және тұтқындармен қатынасу бойынша БҰҰ Конгресі қабылдаған Тұтқындармен қарым-қатынас жасаудың ең төмен ережесін ескере отырып, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде және УҰИ ұстау жағдайлары туралы заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу)*

Қазақстанның халықаралық құжаттарды қабылдауы заңнамада және тәжірбиеде дүниежүзілік қауымдастықтың заңдылық негізділігін құрайтын жалпы қабылданған халықаралық нормаларын жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді, және бәрінен де адам құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ететін ережелерді қабылдауға ықпалын тигізді.

Қазақстан Республкасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жыл аралығындағы құқықтық саясат Концепциясында қылмыстық-атқару саясаты қылмыстық саясаттың бірден бір бағыты болып табылатындықтан, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық- процессуалдық және қылмыстық-атқару құқықтарын өзара байланысқан бірыңғай кешенді жолмен жүзеге асырылуы қажеттілігі нұсқалған.

Осыған орай, 2014 жылғы 5 шілдеде жаңа Қылмыстық-атқару кодексі (бұдан әрі ҚАК) қабылданды, ол 2015 жылғы 1 қаңтардан қолданысқа енгізіледі. Жаңа ҚАК негізі мақсаттары мыналар болып табылады:

1. Сотталғандардың құқықтарының және заңды мүдделерінің қорғау деңгейін нақты арттыру жолымен қылмыстық-атқару заңнамасын жетілдіру.
2. Сотталғандардың түзетілу мерзімдерін айқындау.
3. Қылмыстық жазалардың орындалу тәртібінің тиімділік сапасын жақсарту.
4. Бас бостандығын айырумен байланысты емес жазаларды кеңінен қолдану.
5. Жазаларды орындау жүйесін халықаралық стандарттар талаптарына жеткізу.

Жаңа ҚАК-ты енгізу қылмыстық жазалардың орындалу жүйесін жетілдіруге, сотталғандардың түзелу және оларға қажетті көмек көрсету сапасын және деңгейін арттыруға, сотталғандардың құқықтық жағдайын қорғау кепілдігін бұдан әрі дамытуға, қылмыстық-атқару жүйесінің материалдық-техникалық жабдықталуын арттыруға, халықаралық стандарттардың талаптарына сай жаңа мекемелерді құруға қол жеткізеді.

Жаңа ҚАК-ты жүзеге асыру үшін жаңа заңдылық актілері әзірленді және бекітілді, олар қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстау жағдайын барынша жақсартады.

Яғни, жаңа қылмыстық –атқару кодексінің талаптарына сәйкес тұрғын-жай көлемінің нормалары екіден екі жарымға дейін артты. Сотталғандардың тамақтану нормалары артты, күнделікті рацион көлемі 15-тен 26 –ға артты, сонымен қатар тамақтану нормаларының граммы артты. Кәмелетке толмаған күдіктілер мен айыпталушылар үшін тамақ өнімдерінің ассортименті 24-тен 32, жүкті әйелдер мен балалар бар әйелдерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектер үшін 26-дан 39 атауға дейін артты. Сотталғандар, тергеудегі-қамауға алынғандар үшін тамақтану күніне 3 рет, сырқат адамдарға дәрігердің тағайындауы бойынша күніне 4 рет.

Осыдан басқа, төсек жабдықтарын пайдалану мерзімін қысқарту бөлігінде өзгерістер енгізілді, киім мүлкінің сапасы жақсарды. Яғни, мақтадан жасалған кеудешелердің орнына заманауи күртешелер және жылы шалбарлар, құлақшындардың орнына –тоқылған бас киімдер тізімге енгізілді, сотталғандар үшін жазғы киім тізімдері қайта қарастырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі ұсынымдарын іске асыру жөніндегі 2011-2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау бойынша жұмыс үнемі бақылауда тұр.